


ХАБАРЛАНДЫРУ!



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ !!!
Педагогтерді орта білім беру ұйымдарына лауазымдарға тағайындау конкурсы "Педагогті жұмысқа қабылдау" <https://hr-nobd.edu.kz/> модулінің штаттық режимде жұмыс жасамауына байланысты конкурс қайта жарияланып, конкурс құжаттарын қабылдауын қағаз түрінде жүзеге асырамыз.

Хабарландыру!

Педагогтерді конкурстық негізде қабылдау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығы талаптарына сәйкес

педагогтерді бос орынға қабылдауға конкурс жариялайды.

Мерзімі: 2025 жылғы 09-18 қыркүйек аралығы.

Бос және уақытша бос лауазымдарға конкурс жариялау туралы хабарламалар <https://hr-nobd.edu.kz> модульден, мектептің «<https://34school.edu.kz>» ресми сайтына, мектептің инстаграм «[school_34_aktobe](#)» парақшаларында және «[enbek.kz](#)» сайтынан көруге болады.

Конкурсқа құжаттарды <https://hr-nobd.edu.kz> модулі арқылы электронды түрде жүктейді.

Бос және (немесе) уақытша бос лауазымның атауы:

- 1 Ағылшын тілі пәні мұғалімі – 1 орын (тұрақты орын, 16 сағат);
2. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі - 1 орын (тұрақты орын, 16 сағат);

Мекеме атауы: «№ 34 орта мектебі» КММ

Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы - 7

E-mail: school34@mail.ru

Байланыс телефоны: 8(7132)46-77-17

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі:

- 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу (тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератор немесе педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санатының болуы туралы куәлікті (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS - айелтс) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл көрсеткіші бар сертификат;
- 11) осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;
- 12) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.